

НҰСҚАУЛЫҒЫ  
REVLINE

RL 025

ЭЛЕКТРЛІК  
ДЫБЫСТЫҚ  
ТІС ЩЕТКАСЫ

1-5

жас

### Құттықтаймыз!

Сіз балалардың тістері мен қызылиегінің әдемі және сау болуына мүмкіндік беретін жоғары технологиялық құрылғының иесі болдыңыз. Тіс щеткасын күнделікті қолдану тіс ауруының қаупін айтарлықтай төмендетеді. Тіпті сүт тістерінің жұқа тіс эмалына қауіпсіз. 1-5 жас аралығындағы балаларға ұсынылады.



### САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Revyline RL 025 щеткасын бірінші рет қолданар алдында пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз және оны сақтаңыз.

1. Құрылғыны суға немесе басқа сұйықтыққа батырмаңыз. Қолданғаннан кейін корпусын шаюға болады.
2. Душ қабылдау кезінде щетканы қолданбаңыз.
3. Құрылғыны су құйылған ыдысқа немесе шұңғыл-

шаға түсуі мүмкін жерлерде сақтамаңыз.

4. Тек фирмалық саптамалар мен керек-жарақтарды пайдаланыңыз.
5. Егер щетка ұзақ уақыт қолданылмаса, батарейканы алу, щетканы қорапқа салу және салқын жерде сақтау ұсынылады.
6. Ауыстырылатын саптамаға арналған ұяшыққа бөгде заттарды салмаңыз.
7. Құрылғыны ұзақ уақыт жұмыс істеп тұрған қалпында қалдыруға тыйым салынады. Үздіксіз жұмыс уақыты 10 минуттан аспауы тиіс.
8. Ауыз қуысында немесе тілде жаралар болған кезде құрылғыны қолданбаңыз.
9. Балалардың щетканы қолдануы ересектердің бақылауымен ғана мүмкін болады.
10. Тіс тазалау кезінде, щетка аузыңызда болған кезде жүгіруге немесе жүруге тыйым салынады.
11. Revyline RL 025 электр тіс щеткасын физикалық мүмкіндіктері шектеулі, психикалық кемістігі бар және осындай құрылғыны пайдалану тәжірибесі жоқ адамдарға (соның ішінде балалар) қолдануға ұсынылмайды.
12. Құрылғыны тікелей күн сәулесінен алыс, құрғақ және жақсы желдетілетін жерде -7°C жоғары және +40°C төмен температурада сақтаңыз.
13. Құрылғыны және оның электр батареяларын кәдеге жарату жалпы қабылданған ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

### ПАЙДАЛАНУДЫҢ БАСТАЛУЫ

1. Қаптамалардан щетканы алыңыз.
2. Батарея бөлігінің қақпағын сағат тіліне қарсы бұрап, оны алыңыз.
3. Батареяны бөліктен алыңыз, қорғаныс пленканы алыңыз да, қайтадан салыңыз (оң полюсті төмен қаратып).
4. Қақпақты жабыңыз және оны сағат тілімен бұраңыз.

### ТАЗАЛАУ РЕЖИМІН ТАҢДАУ

Қажетті жұмыс режимін таңдау қуат батырмасын ретімен басу арқылы жүзеге асырылады.

Revyline RL 025 тіс щеткасы төрт режимде жұмыс істей алады:

**START.** Бұл дiрiлсiз режим, ол дiрiл режимiне әлi үйренбеген балаларға ұсынылады. Оны баланы щеткамен таныстыру үшiн қолдану ұсынылады.

**SOFT.** Ол қылшықтардың төмен тербеліс амплитудасымен, төмен дiрiл жиiлiгiмен сипатталады. Қылшықтардың тербелiс жиiлiгi минутына 12000 құрайды.

**NORMAL.** Тұрақты пайдалану үшiн ұсынылады. Қылшықтардың тербелiс жиiлiгi минутына 16000 құрайды.

**INTENSIVE.** Қылшықтардың максималды тербелiс жиiлiгi – минутына 20 000.

Таңдалған кез келген соңғы режим жадта сақталады және щетканы кейiннен қолданған кезде алдымен қосылады.

### АҚЫЛДЫ ТАЗАЛАУ

Тiс дәрiгерлерi ауыз қуысының әр аймағын 30 секунд iшiнде тазалауды ұсынады. Щеткада 2 минутқа таймер орнатылған.

2,3 және 4 режимдерi үшiн 30-шы, 60-шы және 90-шы секундтарда еске салу қарастырылған. Тиiсiнше, жарық индикаторы 1,2 немесе 3 рет жыпылықтайды – және қозғалтқыш өшедi. Бұл тазалау аймағын өзгерту қажеттiлiгiн еске салады. Осылайша, тазалаудың жалпы уақыты тiс дәрiгерлерi ұсынған 2 минутты құрайды. Осыдан кейiн индикатор екi рет жыпылықтайды және щетка өшедi.

Бастапқы режим үшiн «ақылды тазалау» функциясы қарастырылмаған.

### ТАЗАЛАУ ПРОЦЕСІ

Саптаманы отыратын жерге ақырын кигiзiңiз.

Тiстердi тазалауды бастамас бұрын, тiс пастасы жағылған тiс щеткасының тазалағыш бастиегiн сумен сулаңыз. Бұл тiс пастасын тазалау кезiнде тiстердiң бетiне жақсы әсер етедi.

Щетка саптамасын қызылиек сызығына параллель орналастырып, тiстердiң бетiне жақындатыңыз. Щетканы қосыңыз. Жұмсақ тазалаңыз. Қатты баспаңыз, әйтпесе тiстер мен қызылиектiң бетiне зақым келтiруi мүмкiн. Тазалағыш бастиектi баяу жылжытыңыз, айналмалы-керi қозғалыстар жасаңыз.

Таймер сигналдарына сәйкес тазалау аймақтарын әр 30 секунд сайын өзгертіңіз.

Тазалау аяқталғаннан кейін ауыз қуысын таза сумен мұқият шаю керек.

### КЕПІЛДІК

Құрылғыға кепiлдiк – 2 жыл.

Құралға кепiлдiк берiлген техникалық қызмет көрсету қолданыстағы кепiлдiк мерзiмi iшiнде тегiн жүзеге асырылады. Әрi қарай, щеткаға қызмет көрсету сатып алушының есебiнен жүзеге асырылады.

Кепiлдiк қолданылмайды:

Шығын материалдары мен жиынтықтаушыларына. Мақсатына сай емес пайдалану салдарынан iстен шыққан және/немесе ақаулар алған тауарларға; бүлiнуге әкеп соққан абайсызда немесе ұқыпсыз пайдалану (шамадан тыс жүктеудi қоса алғанда); уәкiлеттi емес ұйымның (жеке тұлғаның) түрлендiруi, ашуы және/немесе жөндеуi; пайдалану жөнiндегi нұсқаулықта көрсетiлген пайдалану және/немесе сақтау немесе тасымалдау қағидаларын бұзу. Дұрыс емес қуат көзiне қосылу салдарынан iстен шыққан және/немесе ақаулар алған тауарларға. Жойылмаған кемшiлiктермен пайдаланылған тауарларға.

Үшiншi тұлғалардың әрекеттерi, табиғат құбылыстары және табиғи апаттар, үй жануарлары мен жабайы жануарлар, жәндiктер, тауарлардың бөгде заттар мен сұйықтықтардың енуi сияқты өндiрушiге тәуелдi емес себептерден туындаған ақауларға.

Пайдалану процесiнде және табиғи тозу нәтижесiнде пайда болған сыртқы және iшкi ластануларға, сызаттарға, жарықтарға, тозуға және өзге де механикалық зақымдануларға.

### ЖИЫНТЫҚ:

Негiзгi щетка блогы.

Ауыстырылатын саптама – 2 дана.

AAA типiндегi қуат элементi – 1 дана.

Пайдалану жөнiндегi нұсқаулық.

### ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТМАЛАРЫ

Үлгi: RL 025

Тiстердi тиiмдi тазартуға арналған.

Тербелiс жиiлiгi: минутына 12000-20000

Кавитация әсерi.

Жұмыс режимдерi: 4

Өнiмнiң мөлшерi: 160,5x35x35 мм

Тазалау бетiнiң өлшемi: 14x9x8 мм

Қылшықтардың ұзындығы: 8 мм

Қылшықтардың диаметрi: 0,127 мм

Номиналды кернеу: 1,5 В

Қуаты: 0,51 Вт

Номиналды ток күшi: 0,34 А

Ылғалдан қорғау деңгейi: IPX7. Пайдаланғаннан кейiн ағынды сумен шаюға рұқсат етiледi

Корпус материалы: ABS + Silica gel

Саптама материалы: PC + нейлон Dupont

Қуат: AAA батареясы

Кепiлдiк: 2 жыл

Ресей Федерациясындағы импорттаушы МҒАДЖЕТ ЖШҚ

Мекенжайы: 140002, Люберцы қ., Октябрьский даңғ., 20-үй, 2-корпус.

Қазақстандағы импорттаушы: МҒАДЖЕТ КЗ ЖШС

Мекенжайы: Алматы қ., Төле би к-сі, 23а, 24-офис.

Қызмет ету мерзiмi 5 жыл.

Тауар сертификатталған.

Өндiрiлген: Shenzhen Fortunecome Technology Co., Ltd., No 57 Shangxia

Road, Shangxiawei, Yuanshan Street, Longgang District, Shenzhen City, China.

## КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

Ұйымның атауы

Сату орны

Мөр орны

Барлық сұрақтар бойынша шұғыл  
желіге хабарласыңыз:

+7 700 219 40 93

www.revyline.kz